

ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ ТУРАЛЫ М Е М О Р А Н Д У М

Көкшетау қ., Қазақстан
Бишкек қ., Қырғыстан

«19» маусым 2020 ж.

Қазақстан Республикасы Ақмола облысы білім басқармасы жанындағы «Ж.Мусин атындағы Көкшетау жоғары қазақ педагогикалық колледжі» Мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны (бұдан әрі – Колледж) Жарғы негізінде оның атынан әрекет етуші директор Ахат Нұртас Ахатұлы бір тараптан және Ж.Баласағұн атындағы Қырғыз Мемлекеттік университеті жанындағы кәсіптік колледж (бұдан әрі – Университет) Жарғы негізінде оның атынан әрекет етуші директор Акматов Аскар Акматович, екінші тараптан, әрі қарай «Тараптар» деп аталатын, осы Меморандумға қол қойып, төменгілер жөнінде келісті:

1. МЕМОРАНДУМНЫҢ МӘНІ

1.1. Тараптар мына бағыттар бойынша күштерін біріктіреді:

1.1.1. Ғылыми зерттеулер және білім беру саласының даму теориясы мен стратегиялары бойынша әзірлемелер жасау, білім саласын әдіснамалық, ғылыми-педагогикалық және әдістемелік жағынан қамтамасыз ету;

1.1.2. Ғылыми зерттеулердің нәтижелерін педагогикалық тәжірибеге енгізу;

1.1.3. Педагог мамандардың кәсіби дайындығы мен біліктілігін арттыру;

1.1.4. Қызметкерлердің жарияланым белсенділігін арттыру;

1.1.5. Инновациялық, білімділік және зерттеу жобалары мен бағдарламаларын дайындау;

1.1.6. Халықаралық конференция, симпозиум, семинар мен тренингтер ұйымдастыру.

1.1.7. Өзара тәжірибе алмасу мақсатында колледж оқытушылары мен студенттерімен алмасу, іссапарлар ұйымдастыру;

2. ТАРАПТАРДЫҢ ӨЗАРА ӘРЕКЕТ ЕТУІ

2.1. Осы Меморандум аясында Тараптар Қазақстан Республикасы және Қырғыз Республикасы заңнамасын, ынтымақтастықтың жалпыға танылған принциптері мен нормаларын басшылыққа алады және ашықтық пен қайырымдылық принциптерімен өзара әрекетті жүзеге асырады.

2.2. Тараптар осы Меморандумның тармақтарын орындау бойынша пайда болған мәселелерді қарастыру және бірлескен іс-әрекеттерді жүргізу үшін Тараптар жіберген уәкілетті өкілдері арқылы бір-бірімен өзара әрекет жасайды.

2.3. Тараптар Осы Меморандумды жүзеге асыру кезінде бір-біріне берілетін ақпараттардың құпиялылығына кепілдік береді және Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған жағдайлардан басқа, алынған ақпаратты жарияламауға, сондай-ақ басқа бір үшінші тұлғаға бермеуге міндеттенеді.

3. Меморандумның мерзімі, өзгертілері мен тоқтатылуы

3.1. Осы Меморандум қол қойылған күннен бастап күшіне енеді және мерзімі шектеусіз.

3.2. Осы Меморандумға Тараптардың өзара келісімі бойынша жеке хаттамалармен ресімделетін өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін және Меморандумның ажырамас бөлігі болып табылады.

3.3. Меморандум Тараптардың бір-бірімен жазбаша келісімі негізінде тоқтатылуы мүмкін.

4. Басқа жағдайлар

4.1. Осы Меморандумды іске асыру мақсатында ұйымдастырылатын іс-шаралар бюджеттен, сонымен қатар бюджеттен тыс қаржылануы мүмкін.

4.2. Тараптар қолданыстағы заңнамаларда қарастырылған қаражат шегінде Осы Меморандумды орындау барысында туындаған шығыстарды дербес мойнына алады.

4.3. Осы Меморандум екі түпнұсқа данада жасалды, әр Тарапқа бір данадан беріледі.

5. Тараптардың қолы

Колледж атынан:
Ақмола облысы білім
басқармасы жанындағы
«Ж.Мусин атындағы Көкшетау
жоғары қазақ педагогикалық
колледжі» Мемлекеттік
коммуналдық қазыналық
кәсіпорны
Қазақстан Республикасы,
020000, Ақмола обл., Көкшетау қ,
Боровской ы/а, 76
Тел.: (7162) 32-92-42
E-mail: kazped@mail.ru
<http://pt0004.kokshetau.akmoedu.kz>

Университет атынан:
Ж.Баласағұн атындағы Қырғыз
Мемлекеттік университеті
жанындағы кәсіптік колледжі

Қырғыз Республикасы,
720033, Бишкек қаласы,
Фрунзе көшесі, 547
Тел: +996(312) 32-33-94,
Факс: +996(312) 32-32-21,
E-mail: pk.knu.kg@mail.ru
<http://pk.biskek.host>

Директор _____ Н.Ахат
М.о.



Ректор _____ К.Ж.Садықов

Директор _____ А.Ақматов
М.о.